

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 8 желтоқсандағы № 1201 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 10 қыркүйектегі № 921 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 8 желтоқсандағы № 1201 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 46, 554-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі туралы ережеде:

7-тармақ «35-А көше» деген сөздер «Орынбор көшесі» деген сөздермен ауыстырылсын;

13-тармақ мынадай мазмұндағы 61) тармақшамен толықтырылсын:
«61) «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлейді және бекітеді.»

14-тармақ мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:
«13-1) экологиялық қауіпті технологиялар, техника мен жабдықтың тізілімін жүргізу;»

17-тармақ мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:
«10-1) Министрлікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлық шараларының қабылдануына дербес жауапты болады;»

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*